

Жылыой ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 9 ақпандағы № 83 "Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидасын бекіту туралы" қаулысының күшін жою туралы

Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 15 мамырдағы № 228 қаулысы

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өлілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Заңының, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарын және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурызындағы Заңының 74-бабының 3-тармағын басшылыққа алып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жылыой ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 9 ақпандағы № 83 "Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидасын бекіту туралы" Атырау облысы Әділет Департаменті Нормативтік құқықтық акті 2015 жылғы 2 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 3113 болып енгізілген, аудандық "Кең Жылыой" газетінің 2015 жылғы 12 наурыздағы № 10 санында жарияланған қаулысының күші жойылған деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Ә. Шәкіровке жүктелсін.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы

Ж. Ахметов